

## ӨНДІРІСТІК ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ №\_2

Күні: 2026 жылғы «14» қаңтар

Өткізілген орны: №44«Үркер» балабақшасы

Қатысқандар: меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі, тәрбиешілер, кіші қызметкерлер

Басталуы: 10.00

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Сауықтыру іс-шараға арналған мәселені талқылау, бекіту.
2. Топтарды санитарлық талаптарға сай жөндеу жұмыстарынан өткізу.
3. Шаруашылық қызметкерлеріне (кастелянша, кайманша, аға шаруашылық қызметкері) нақты тапсырмалар беру.
4. Өндірістік жиналыстың қорытындысы.
5. Материалдық-техникалық базаны нығайту шараларын қарастыру.

### ТЫҢДАЛДЫ:

Меңгеруші: Ж.А.Сарсебаева

Сауықтыру іс-шараға арналған дайындық кезеңінде барлық ойын алаңдарын тазалап, жабдықтарды тексеріп, жөндеу және жаңарту жұмыстарын уақытылы аяқтау қажет. Әр топ өз алаңдарына жауапты. Тазалық пен қауіпсіздік басты назарда болуы тиіс.

Шаруашылық меңгерушісі: М.М.Абенова


Ойын жабдықтарының жағдайы тексерілді. Бояу және жөндеу жұмыстарын аяқтау жоспарлануда. Қажетті құрал-жабдықтармен толықтыру жұмыстары жүргізілуде.

Тәрбиешілер:

Топ ішіндегі тазалық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Балалармен ашық ауада ойын әрекеттерін ұйымдастыру үшін алаңдарды безендіру, көгалдандыру жұмыстары басталды.

#### ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Сауықтыру іс-шараға арналған жоспар бекітілсін.
2. Барлық жұмыстар санитарлық талаптарға сай дайын болсын.
3. Шаруашылық қызметкерлеріне өз міндеттері бойынша тапсырмалар берілсін.
4. Материалдық-техникалық база жаңартылсын: жаңа оқу жылына дайындық басталсын, құрал-жабдықтар мен оқу материалдарын толықтыру (жұмыс үстелдері, оқу бұрыштары, ойын құралдары т.б.).
5. Жиналыс қорытындысы бойынша жауапты тұлғаларға нақты мерзім мен бақылау тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы: 

Хатшы: 